



АХҚО-ның Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы

Орталық Азиядағы ең
бәсекеге қабілетті
экономикалардың біріне
инвестиция жасаңыз



БАҒДАРЛАМА ТУРАЛЫ

Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы дегеніміз не?

Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы шетелдік азаматтарға (және азаматтығы жоқ тұлғаларға) инвестиция салуға, Қазақстан Республикасына ұзақ мерзімді инвесторлық виза немесе уақытша тұруға рұқсат алуға, сондай-ақ жеңілдетілген шарттар негізінде салық резиденті мәртебесін алуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаға қатысу талаптары:



Өтінім берушінің жасы — 18 жастан жоғары



Өтінім беруші соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан азаматы болған жоқ



Өтінім беруші соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанның салық резиденті болмады

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Бағдарлама инвесторларға қандай мүмкіндіктер ұсынады?

-  Инвестор мен оның отбасы мүшелері үшін ұзақ мерзімді виза/уақытша тұруға рұқсат
-  Салықтық резиденттік сертификатын алу үшін Қазақстанда «90 күндік болу ережесі»
-  Бағдарлама шеңберінде инвестициялардан түсетін кірістерге салық салудан босату
-  Бағдарлама шеңберінде инвестордың шетелдік кірісіне салық салудан босату
-  Бақыланатын шетелдік компанияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі кірістерге салық төлеуден босату

Инвестициялық құралдар:

- Astana International Exchange биржасында айналымдағы бағалы қағаздар www.aix.kz
- АХҚО-да тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестициялар
- AFSA лицензиясы бар цифрлық активтер операторының сауда платформасында сатылатын цифрлық активтер

ӨТІНІМДІ ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Осы қадамдарды орындау арқылы АХҚО-ның Инвестициялық резиденті атанып, Бағдарламаның барлық артықшылықтарын пайдаланыңыз:

01. Сайттан уәкілетті агентті таңдау
<https://aifc.kz/itrp-1/>
02. Бағдарламаға қатысу ақысын төлеу
03. Сенімділікке тексеруден өту
04. Бекітілген инвестициялық құралға талап етілетін ең төменгі мөлшерден кем емес көлемде инвестиция салу
05. АХҚО-ның Инвестициялық резидент сертификатын алу
06. Уәкілетті орган ұсынатын инвесторлық визаны немесе уақытша тұру рұқсаттын алу
07. Салықтық резиденттік сертификатын алуға өтінім беру үшін Қазақстанда кемінде 90 күн тұру
08. Салықтық резиденттік сертификатын алу үшін республикалық бюджетке жыл сайынғы алымды (7 000 АЕК) төлеу
09. ҚР салықтық резиденті мәртебесіне ие болып, Бағдарламаның барлық артықшылықтарын пайдалану